

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 126-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 13 маусымда № 36266 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 10 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы*

*Су ресурстары және ирригация министрі*

*Н. Нуржигитов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және

құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және ирригация  
министрі  
2025 жылғы 10 маусымдағы  
№ 126-НҚ Бұйрыққа  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19-1/441 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11811 болып тіркелген).

2. "Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19-1/441 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 150 бұйрығы. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16983 болып тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 6 тамыздағы № 183 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15240 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 2-тармағы.